

11

25.02.2025
07 25

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылы 9 шілде №100 санды хаты негізінде

Жамбыл облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен **ағымдағы жылдың 15 шілде күні «2025 жыл-Жұмысшы мамандықтар жылына»** орай жастардың кәсіби шеберлігін қолдау және дамыту мақсатында облыстық **«Кәсіби маман-2025»** байқауын өткізуді жоспарлауда.

Осыған орай, Сізден аталған іс-шараның маңыздылығын ескере отырып, жастарды ақпараттандырып, қатысушылар тізімін қосымшада көрсетілген кестеге сәйкес **а.ж. 11 шілде күні сағат 10:00-ге дейін jro_ryskulov@mail.ru** электронды мекенжайына жолдануына ықпал етуіңізді сұранады.

Қосымша: Ереже 7 парақта

Басшының м.а



Б.Самылтыров

орындаған: Г.Абдиева
телефон: 87474736727

«БЕКІТЕМІН»

Жамбыл облысы әкімдігінің
ақпарат және қоғамдық даму
басқармасының «Жастар
ресурстық орталығы» КММ-нің
директоры

А. Кадралиев

«08» шілде 2025 жыл

**Облыстық «Кәсіби маман – 2025» жастар байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Жұмысшы жастардың «Кәсіби маман – 2025» атты облыстық байқауы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында өтеді. Сонымен қатар, «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылады.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы: Жамбыл облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ.

1.3. Осы Ереже «Кәсіби маман – 2025» атты облыстық байқауының (бұдан әрі – байқау) мақсаттарын, міндеттерін, өткізілу тәртібін және қаржыландыруды, қатысушыларды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Жұмысшы мамандықтар жылын атап өту;
- 2.2. Жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы беделін арттыру;
- 2.3. Жастардың кәсіби шеберлігін қолдау және дамыту, жастарды жұмысшы мамандықтарға тарту, еңбек нарығында олардың бәсекелестігін арттыру, жастарға мамандық таңдауға ықпал ету;
- 2.4. Өнеркәсіптің дамуына жәрдемдесу, өнімдерді дайындау мен безендірудегі прогрессивті бағыттарды анықтау;
- 2.5. Жұмысшы жастар арасындағы «Кәсіби маман – 2025» атты облыстық байқауын кеңінен насихаттау.

3. ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН БАЙҚАУДЫҢ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1. Байқауға 16-35 жас аралығындағы арнайы кәсіптік білімі бар немесе әуесқой жастар қатыса алады.

3.2. Байқауға бұрын қатысып жүлдегер атанған (бас жүлде, 1,2,3 орын иеленген) үміткерлердің қатысуына жол берілмейді;

3.3. Қатысушылардың кәсіби киімі (кеудеше, қалпақ, шалбар, алжапқыш, арнайы аяқ киім, т.б.) болуы міндетті;

3.4. Керек құрал жабдықтарды (пышақ, қайшы, кесіктер, блендер, араластырғыш, дәнекерлеуге қажетті заттар, қолөнерге қажетті құрал жабдықтар т.б.) өздерімен болуы міндетті.

3.5. Байқауға қатысушылар ұйымдастырушыларға келесідей құжаттарды тапсыру керек:

3.5.1. №2 қосымша бойынша өтінім парағы;

3.5.2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3.5.3. Келесі мәліметтері бар түйіндеме:

- қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жасы және білімі;

- тұрғылықты мекенжайы, электронды мекенжайы, байланыс телефондары.

3.6. Қатысушылардың барлық жұмыстары келесі талаптарға сай болуы керек:

- қойылған талаптарды ескере отырып, тапсырмалардың орындалуы;

- шығармашылық көзқарасты, өзіндік жеке стильді қамтамасыз ету;

- санитарлық-технологиялық нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету.

3.7. Байқау дәнекерлеуші, аспаз, шаштараз (ерлер), макияж (әйелдер), қолөнер номинациялары бойынша өткізіледі (қосымша №1 көрсетілген, қосымша №2 байқауға қатысу өтінім парағы).

4. ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

4.1. Қазылар алқасын байқауды ұйымдастырушылар бекітеді;

4.2. Байқауды жоғары деңгейлі мамандар, тәуелсіз сарапшылар, өндірістік, практикалық тәжірибесі бар қазылар бағалайды.

4.3. Қазылар алқасы құрамына қазылар алқасының төрағасы, аға сарапшы және сарапшылар кіреді.

4.4. Қазылар алқасы ашық дауыс беру арқылы жеңімпаздар туралы шешім қабылдайды;

4.5. Қатысушы тең ұпай жинаған жағдайда жеңімпазды қазылар алқасының төрағасы анықтайды;

4.6. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті, қайта қарауға және шағымдануға жатпайды.

4.7. Әр номинация үшін қазылар алқасы тағайындалады.

4.8. Қазылар алқасының төрағасы облыстық жастар ресурстық орталығының директоры болады.

5. БАЙҚАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Қатысуға өтінімдер obl.jastarortalik@mail.ru электронды мекенжайы арқылы 2025 жылдың 11 шілде күні сағат 10.00 - ге дейін қабылданады (электронды хаттың атауын «Кәсіби маман – 2025» байқауына өтінім деп жолдау міндетті).

5.2 Байқау 2025 жылдың 15 шілде күні Тараз қаласында өтеді.

5.3 Анықтама үшін телефондар: 8(7262) 45-10-31, 8771 835 08 39.

6. ЕРЕКШЕ ШАРТТАРЫ

6.1. Ұйымдастырушылар байқау кезінде шығарылған фото, аудио және бейнематериалдары пайдалануға, сондай-ақ кез келген материалдарды іс-шараның қорытындысы бойынша немесе шеңберінде шығаруға және еркін таратуға құқылы;

6.2. Ұйымдастырушылардың мүдделі тұлғаларды міндетті түрде хабардар ете отырып, осы Ережеге өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге құқығы бар.

6.3. «Кәсіби маман – 2025» байқауына әзірленген бұйымдар, материалдар мен өнімдер ұйымдастырушы тарапында қалады.

6.4. Әр ауданнан қатысатын қатысушыларды жауапты ретінде жастар ресурстық орталығынан 1 маман алып келеді.

6.5. Байқаудың кезеңдері бойынша өтетін жерлердің мекенжайы қосымша хабарланатын болады.

7. МАРАПАТТАУ

7.1. Әр номинация бойынша I, II, III орын алған қатысушыларға қаржылай сыйлықтар мен дипломдар табысталады. (I орын 100 000 тг, II орын 70 000 тг, III орын 50 000 тг.)

7.2. Қатысушылар марапаттау рәсіміне кәсіби киіммен қатысуы қажет.

ҚОЛӨНЕРШІ

Қолөнер сайысына ерлер және әйелдер қатыса алады. Сайыс 2 кезеңнен тұрады. 1 кезең «Үй жұмысы» кезеңінде қатысушылар өзімен үйінде арнайы жасап келген бұйымдарын ұйымдастырушылар мен сарапшыларға көрсетеді.

Ал, 2 кезең бойынша барлық қатысушы 2 сағат көлемінде өзіндік қолтаңбасы мен идеясы арқылы «Қамшы» жасауы тиіс (*Әзірленген бұйымдар ұйымдастырушыларда қалады*).

Қамшы жасауда қазылар алқасы қолөнершінің шеберлігі, ұқыптылығы, жұмыстың күрделілігі мен ерекшелігін бағалайды.

Жұмыс уақыты – 2 сағат.

Ескерту: барлық керек заттар қатысушы тараптан.

ВИЗАЖИСТ

(Әйелдер)

- Күндізгі макияж
- Қалыңдық макияжы
- Креативті макияж
- Подиумдық макияж

Қатысушы өзімен бір немесе бірнеше модель алып келуіне рұқсат етіледі. Ережеге сәйкес макияж үлгілерін белгіленген уақыт аралығында үлгергенше орындап шығуы қажет.

Қатысушылар байқау басталғанға дейін кеудеден төмен қолтаңба қойып, бояуға рұқсат етіледі. Ал бетке қолтаңба қоюға немесе дайындық жұмыстарын жасауға қатаң тиым салынады.

Қатысушылар өзіне қажет құрал-жабдықтарын өздерімен алып келуі керек (*декоративті материалдар мен бояулар және т.б.*).

Жұмыс 2 сағат ішінде орындалады.

Қазылар алқасы макияжға баға береді.

Бағалау кезінде:

- Макияждың орындалу техникасы
- Макияждың күрделілігі
- Макияждың үйлесімділігі, текстурасы
- Орындаушының жылдамдығы ескеріледі.

Ескерту: барлық керек заттар қатысушы тарапынан.

ШАШТАРАЗ ШЕБЕРЛЕРІ

(ерлер)

- Классикалық шаш үлгісі
- Заманауи шаш үлгісі

Қатысушы өзімен бір немесе бірнеше модель алып келуіне рұқсат етіледі. Ережеге сәйкес шаш үлгілерін белгіленген уақыт аралығында үлгергенше орындап шығуы қажет

Қатысушылар өзіне қажет құрал-жабдықтарын өздерімен алып келуі керек (қайшы, сүлгі және т.б.).

Жұмыс 1-2 сағат ішінде орындалады.

Бағалау кезінде:

- Шашты өсемдеудің күрделілігі
- Шаш өсемдеудің түрі
- Үйлесімділігі, текстурасы
- Орындаушының жылдамдығы ескеріледі.

Ескерту: барлық керек заттар қатысушы тарапынан.

АСПАЗШЫЛАР АРАСЫНДА

Аспазшылар сайысы 2 кезеңнен тұрады. 1 кезең «Үй жұмысы» кезеңінде аспазшылар өзімен бірге үйінде арнайы жасап келген қазақи нақышта ұлттық тағамдарын ұйымдастырушылар мен сарапшыларға көрсетеді.

Ал, 2 кезең бойынша аспазшылар «Жазғы тағам – шабыт пен шеберлік» тақырыбында жеміс-жидек, көкөністерден көркем композиция және өздері ойлап тапқан пайдалы салқын сусындарын және салаттарын ұсынады (лимонад, морс, коктейль және т.б.).

Сайыс аяқталғаннан кейін жұмыстардың көрмесінде ұсынылып, қазылар алқасының бағасынан жеңімпаз анықталады.

Жұмыс уақыты 2 сағат.

Бағалау кезінде:

«Жазғы тағам – шабыт пен шеберлік» тақырыбының ашылуы

Тағамның дәмі

Тағамның үйлесімділігі

Тағамның күрделілігі

Ескерту: барлық керек заттар қатысушы тарапынан.

ДӘНЕКЕРЛЕУШІЛЕР АРАСЫНДА

Дәнекерлеу сайысы 2 кезеңнен тұрады. 1 кезең «Үй жұмысы» кезеңінде қатысушылар өзімен үйінде арнайы жасап келген бұйымдарын ұйымдастырушылар мен сарапшыларға көрсетеді.

Ал, 2 кезең бойынша барлық қатысушы 2 сағат көлемінде өзіндік қолтаңбасы мен идеясы арқылы бұйым жасауы тиіс (Әзірленген бұйымдар ұйымдастырушыларда қалады).

Дәнекерлеу кезінде қазылар алқасы дәнекерлеушінің шеберлігі, ұқыптылығы, жұмыстың күрделілігі мен ерекшелігін бағалайды.

Ескерту: барлық керек заттар қатысушы тараптан.

Облыстық «Кәсіби маман-2025» жастар байқауының
ӨТІНІМ ПАРАҒЫ

№	Қатысушының аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Жұмыс н/е оқу орны	Мекенжайы	Байланыс телефоны
НОМИНАЦИЯ АТАУЫ					
1.					